

Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 384 "2025-2027 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 546 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 384 "2025-2027 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1– тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025-2027 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1 , 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 62398,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 8600,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 171,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 53627,0 мың теңге;

2) шығындар – 63268,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 870,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 870,1 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 870,1 мың теңге.";

5 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2025 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 53627,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферт сомасын бөлу Қауылжыр ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1–қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының төрағасы

Ж. Шамбалаев

Шалқар аудандық
мәслихатының 2025 жылғы
15 желтоқсандағы № 546
шешіміне қосымша
Шалқар аудандық
мәслихатының 2024 жылғы
30 желтоқсандағы № 384
шешіміне 1 қосымша

2025 жылға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	62398,0
1			Салықтық түсімдер	8600,0
	01		Табыс салығы	2055,0
		2	Жеке табыс салығы	2055,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	6195,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	65,0
		3	Жер салығы	8,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	6042,0
		5	Бірыңғай жер салығы	80,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	350,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	350,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	171,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	171,0
		1	Жерді сату	171,0
4			Трансферттердің түсімдері	53627,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	53627,0

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	53627,0
II. Шығындар				63268,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	58907,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	58907,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	58907,0
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	58514,0
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	393,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4359,5
	3		Елді-мекендерді көркейту	4359,5
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4359,5
			008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2874,0

			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	460,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1025,5
15				Трансферттер	1,6
	1			Трансферттер	1,6
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1,6
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1,6
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-870,1
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(870,1
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	870,1
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	870,1
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	870,1